

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Министерство национальной экономики Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген № 017 /е нысанды медициналық құжаттама
Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының атауы Наименование государственного органа санитарно- эпидемиологической службы Шалқар аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы Шалкарское районное управление по защите прав потребителей	Медицинская документация Форма № 017/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 30 мая 2015 года № 415

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение

№ D.13.X.KZ41VBS00037129

Дата: 27.07.2016 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Балабақша Нұр-Тілек ЖШС

(пайдалануға берілген немесе қайта жаныртылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, көліктердің және т.б. атауы) (полное наименование объекта, отвод земельного участка под строительство, проектной документации, реконструкции или ввода в эксплуатацию, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности, работ, продукции, услуг, транспорт и т.д.)

Жүргізілді (Проведена) Заявление от 19.07.2016 12:15:06 № KZ59RBP00037054
отннн, ұйғарым, қаулы бойынша, жобалары және басқа да түрде (күн, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) Товарищества с ограниченной ответственностью «Детский сад «Нұр-Тілек», Шалқар қаласы Есет Көтібарұлы көшесі, 21 үй
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

мектепке дейінгі бала тәрбиесі, Шалқар қаласы Есет Көтібарұлы көшесі, 21 үй
сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (вид деятельность)

4. Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) қажеті жоқ

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) өтініш кіріс № МК-ЗТ-Б-81 19.07.2016 жылғы, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, №119 15.07.2016 жылғы метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы, №119 15.07.2016 жылғы жарықты өлшеу хаттамасы, №25 18.07.2016 жылғы орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы, №87 18.07.2016 жылғы, №88 18.07.2016 жылғы суды үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамалары

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) қажеті жоқ

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если имеются) берілмеген

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, ү технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг условий, технологий, производств, продукции)



Балабақша «Нұр-Тілек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шалқар қаласы Е.Көтібарұлы көшесі, 21 бейімделген 1 қабатты ғимаратта орналасқан, 3 топ 75 балаға арналған. Балалардың саны объектінің жобалық сыйымдылығынан аспайды, тізім бойынша 75 бала. Бөлінген жеке жер аумағы бар. Ғимараттың аумағына олардың қызметімен байланысы жоқ объектілер орналастырылмаған. Балабақша қоршалған, қоршауы бұзылмаған. Аумаққа гүлдегенде мамықты тұқымдар беретін ағаштар мен бұталар отырғызылмаған. Учаскеге кіру және одан шығу жолдары, қоқыс жинайтын алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыға өтетін жолдар қатты жабынымен жабылған. Балабақша ауласында қоқыстарға арналған 2 темір жәшік және 1 дәретхана орналасқан. Аулада топтық алаңы ұйымдастырылған. Топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғану үшін 3 топқа көлеңке қалқа көзделген. Ойын алаңындағы жабдық балалардың бойына және жасына сай орналастырылған.

Балабақша балаларына арналған топтық ұяшық құрамына: қабылдау бөлмесі, ойын бөлмесі, жатын бөлмесі, буфет, дәретхана кіреді. Үй жайлар жиыны мен ауданы жеткілікті. Балабақшаның үй-жайларының ішкі әрленуіне, күтіп-ұстауына қойылатын талаптар сақталған.

Балабақша орталықтандырылған су және жергілікті кәріз жүйесіне қосылған. Су ысытатын электр қондырғылары бар. Жылу жүйесі жергілікті, газбен жылытылады. Жасанды және табиғи жарық көздері жеткілікті. Істен шыққан шамдар уақытында ауыстырылған. Кабинеттердегі терезе желдеткіштері жылдың кез-келген уақытында пайдаланылады, ауа терезе желдеткіштері арқылы алмастырылады. Балабақшада оңтайлы микроклиматтық жағдайлар қамтамасыз етілген.

Жабдықтың жиыны, саны және көлемі объектінің бейінін, үй-жайлардың ерекшелігін есепке ала отырып көзделген. Балабақша жиһазы өлшеміне сәйкес таңбаланған. Киім ауыстыратын бөлме балалардың және персоналдың сыртқы киіміне арналған шкафтармен және орындықтармен жабдықталған. Балалардың киіміне арналған шкафтар жеке таңбаланған және олар бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған. Жабдық, жиһаз, жұмсақ және қатты мүкәммал, санитариялық-техникалық аспаптар жұмыс жағдайында және мақсатына сай пайдаланылады. Дәретхана сүлгілерге арналған ілгіштермен, жуынуга арналған раковиналармен, балалар унитаздарымен, түбектерге арналған шкафтармен жабдықталған. Жатын бөлмелер жеке стационарлық төсектермен жабдықталған. Белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау ерітінділері дайындалған күнін көрсете отырып, таңбаланған ыдыстардағы нұсқаулыққа сәйкес дайындалған. Дезинфекциялау және жуу құралдары және олардың жұмыс ерітінділері балалардың қолы жетпейтін орындарда сақталады. Жуу және дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етілген. Барлық үй-жайлар, жиһаз және жабдық таза күтіп-ұсталған. Ойыншықтарды жууға арналған ыдыс пен шетка таңбаланған. Түбектер пайдаланылғаннан кейін тазартылады, жуылады және дезинфекцияланады. Таза түбектер дәретханаларда, жеке таңбаланған ұяшықтарда сақталады. Балабақша жинау мүкәммалдарымен қамтамасыз етілген, легендер, шелектер, жөкелер, шүберектер таңбаланған және әр үй-жайға бөлек арналған және арнайы бөлінген орындарда сақталады.

Балабақшада балаларға медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етілген. Бір медбике жұмыс жасайды. Балабақшаның медициналық кабинеті екі бөлмеден тұрады. Медициналық кабинет медициналық жабдықтармен, жиһаздармен, құрал-саймандармен жабдықталған. Медициналық қобдиша шұғыл медициналық көмек көрсету үшін дәрі-дәрмектер жиынымен қамтамасыз етілген. Қолжуыш орнатылған. Емдеу-профилактикалық және сауықтыру іс-шараларын медицина персоналы жүргізеді. Балабақшада бекітілген есепке алу - есеп беру құжаттама тізбесі бойынша басталған, уақытылы жүргізілген.

Киім-кешектерді, төсек жабдықтарын жуу кір жуатын орында жүзеге асырылады. Кір жуатын бөлме кір жуатын машинамен қамтамасыз етілген. Төсек жабдықтарын, сүлгілерді ауыстыру ластануына қарай, бірақ аптасына бір реттен сиретпей жүргізіледі. Артық төсек жабдықтарын, жаңа және ескі киім мен аяқ-киімдерді, қатты мүкәммалды сақтау үшін қойма бар. Бір жатын орынға төсек жабдықтарының үш жиынтығы бар. Барлық төсек жабдықтары: матрастар, жастықтар, көрпелер таңбаланған.

Балабақша ас блогы бейімделген, бір бөлмеден және қоймадан тұрады. Ас блогы үй-жайында шикі өнімнің, шикі жартылай фабрикаттардың және дайын өнімнің, пайдаланылған және таза ыдыстың, тәрбиеленушілер мен персоналдың қарама-қарсы ағынын болдырмайтын технологиялық үдерістердің жүйелілігі сақталған. Технологиялық, тоңазытқыш және жуу жабдықтарын орналастыру тамақты дайындау ағымдылығын есепке ала отырып жүзеге асырылған. Тоңазытқыш жабдықта температураны бақылау үшін термометр орнатылған. Шикі және дайын өнімдерді бөлек сақтау, оларды технологиялық өңдеу және тарату үшін бөлек таңбаланған жабдық, бөлшектеу мүкәммалы, асүй ыдысы пайдаланылады. Бөлшектеу мүкәммалы мен асүй ыдысы таңбалауға сәйкес мақсатына қарай қолданылады. Ас блогы мен қойма өндірістік жабдық пен мүкәммалдармен қамтамасыз етілген, жұмыс жағдайында. Тамақ қалдықтарына арналған таңбаланған қақпағы бар шелектері бар, арнайы бөлінген орында сақталған. Ауыз су режимі ұйымдастырылған, су ішу үшін таза шыны ыдысты пайдаланады, таза және пайдаланылған ыдыс үшін таңбаланған жеке поднос бар. Өндірістік бақылауды жүргізу үшін ҚР ҰЭМ ТҚКК «ҰСО» ШЖК-РМК Ақтөбе облысы бойынша филиалының Шалқар аудандық бөлімшесімен 09.04.2016 жылғы №011/60 келісім шарты бар.

Ұйымда жәндіктердің, егеуқұйрықтардың және тышқан тәріздес кеміргіштердің болуына жол

берілмеген. Дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды жүргізу үшін ҚР ҰЭМ ТҚКК «ҰСО» ШЖҚ РМК Ақтөбе облысы бойынша филиалының Шалқар аудандық бөлімшесімен 2016 жылға №011/636 28.01.2016 жылғы келісім-шарты бар.

Балабақшада барлығы 25 қызметкер жұмыс жасайды, бұның ішінде 4 қызметкер еңбек демалысына кеткен. Қызметкерлер медициналық тексеруден және гигиеналық оқудан өткен. Жеке медициналық кітапшалары жұмыс орнында медициналық кабинетте сақталған. Жеке медициналық кітапшасынсыз және жұмысқа жіберілгені туралы белгісі жоқ тұлғалар жұмысқа қабылданбаған. Балабақшада қызмет көрсететін персоналдардың 3 жиын болатын арнайы киімдері бар, бөлек шкафта сақталатын ауыстыратын аяқ киімі бар. Арнайы жұмыс киімдерін кір жуатын орында жуады. Персоналдардың жеке гигиена қағидаларын сақтауына жағдай жасалған.

Микробиологиялық зертханаға алынған су сынамаалары, санитарлық-химиялық зертхана алынған су сынамаасы, метеорологиялық факторларға және жарыққа жүргізілген өлшеулер санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес келеді.

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;) қажеті жоқ

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

№119 15.07.2016 жылғы метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы, №119 15.07.2016 жылғы жарықты өлшеу хаттамасы, №25 18.07.2016 жылғы орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы, №87 18.07.2016 жылғы, №88 18.07.2016 жылғы суды үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамалары

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

Балабақша Нур-Тілек ЖШС
(нысанның, шаруашылық жүргізуші субъектінің (керек-жарак) пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттарының, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, автокөліктердің және т.б. толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии с пунктом 8 статьи 62 Кодекса Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»).

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
ҚР ҰЭМ 17.03.2015 жылғы №217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына

Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз (соответствует или не соответствует)

сай (соответствует)
(нужное подчеркнуть) (указать)

Ұсыныстар (Предложения):

жоқ
«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық ұйғарымның міндетті түрде күші бар. На основании Кодекса Республики Казахстан 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» № 193-IV ЗРК настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

Шалқар аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы

Мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері, қолы (орынбасар),
Шалқарское районное управление по защите прав потребителей
Жубанова, 2 А.

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Құдайсегірова Гүлнәм Бисенбайқызы

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)

